

Сібір жарасының эпидемиологиясы, алдын алу және эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастыру және жүргізу



**А.Мухамеджанова - аса
қауіпті инфекцияларды
және туберкулезді
эпидемиологиялық
қадағалау бөлімінің
басшысы**


Сібір жарасы, анықтамасы

- Антропогенді ошақтығымен сипатталатын жіті, жұқпалы, аса қауіпті зоонозды ауру.
- Қоздырғышы жанасу механизмі арқылы берілетін, тері қабатының карбункул тәрізді зақымдалуымен, қызба және интоксикациямен, кейде сепсис дамуымен сипатталады.
- Жануарлардың көбінесе шөпқоректілердің ауруы болғанымен, белгілі жағдайларда адамды зақымдайды.

Сібір жарасының қоздырғышы

- Қоздырғышы - *Bacillus anthracis*, грам оң микробы, ірі қозғалмайтын капсула және спора түзетін бацилла.
- Қоздырғышы 1863 жылы ашылған

Bacillus anthracis
(вегетативтік түрі)




Сібір жарасының қоздырғышы

Bacillus anthracis
(спора түрі)

Бацилла сыртқы ортаның әсерінен - температура төмендегенде (26-30С), қоректену заттары азайғанда спора түзеді.


Яғни бұл қоздырғышты сыртқы қоршаған орта факторларын сақтау үшін.



Сібір жарасының қоздырғышы

Споралар өте тұрақты :

- Суда 10 жыл сақталады.
- Споралар сыртқы ортада - 12-43°C және 29-85% ылғалдылықта, нейтральды ортада өсуге қабілетті .
- Табиғат аясында сібір жарасы резервуары болып топырақ табылады, топырақтың түріне байланысты споралар ұзақ уақыт (100 жылға дейін) сақталады.
- Споралар 140С құрғақ ыстықта 1-3 сағатта өледі.
- Залалсыздандыру заттары әсеріне споралар сезімтал.
- Автоклавта 110С, 40 мин кейін өледі.



Сібір жарасы. Эпизоотология

Сібір жарасына барлық ауылшаруашылық малдары сезімтал, ірі және ұсақ мүйізді малдар, жылқы, түйе, оларда өте жеңіл түрде өтеді, оның 95% өліммен аяқталады.

Ауылшаруашылық малдарда сібір жарасының жұғу жолдары:

- Алиментарлық - жайылымда шөппен бірге топырақ жегенде (құрғақшылықта) және сумен;
- Трансмиссивтік – жәндіктер шаққанда (слепни, жигалки) қан арқылы.



Сібір жарасы. Эпизоотология

Қазақстанда адамдардың сібір жарасын ауруының жұқпа көздері:

- **ірі мүйізді мал – 40-42%**
- **ұсақ мүйізді мал – 39-45%**
- **жылқы – 8-14%**
- **шошқа – 5-8%**
- **жануарлардың басқа түрлері – до 1-5%**

Сібір жарасы. Эпидемиологиясы

Жұғу жолдары

- Қатынас арқылы –немесе тікелей (сібір жарасымен ауырған малды сою, бөлшектеу, оларды күту, ауру малдың өнімдерімен жанасу);
- Трансмиссивтік (жәндіктердің тістеуі кезінде - слепни, жигалки);
- Алиментарлы (жеткілікті өңделмеген етті пайдалану);
- Аэрогенді (қоздырғышты шаңмен жұту)



Сібір жарасы эпидемиологиясы

- Барлық жастағы адамдар ауырады**
- Еркектер әйелдерге қарағанда жиі ауырады**
- Көп жағдайда ауыл тұрғындары шалдығады (95%)**
- Кәсібімен тікелей байланысты**
- Көктем – жаз айларында жиі кездеседі**

Сібір жарасы эпидемиологиясы

Жұғу факторлары


1. Мал өнімдері – ет, тері, жүн, сүйек
2. Ірі қан соратын жәндіктер (слепни, жигалки)
3. Сирек жағдайда - қи, топырақ, су
4. Зертханалық жұғу жолы кездеседі
5. Сібір жарасы спораларын диверсиялық (террорлық) жолда пайдалану мүмкін.

Сібір жарасы қоздырғышының организмге енуі:

- микротравмалар, қолдағы жаралар арқылы -72%;
- бас - 2%;
- дене арқылы - 6%;
- аяқтар арқылы- 12%;
- басқалары - 8%

Сібір жарасы түрлері

- Терілік (язвенная), көбінесе карбункул
- Өкпелік
- Ішек
- Баспа (орофарингеальдық)



Сібір жарасы эпидемиологиясы



Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

**ҚР ДСМ 12.11.2021ж. №114 бұйрығымен бекітілген
«Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша
санитариялық -эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс -
шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын
санитариялық - эпидемиологиялық талаптар»
санитариялық қағидалары (II тарау).**

күйдіргі бойынша стационарлық-қолайсыз пункт (СҚП)
– топырақты ошақ немесе адамның немесе жануардың
күйдіргіге шалдығу жағдайы тіркелген аумақтағы пункт.

топырақты ошақтар – күйдіргіден қырылған
жануарлардың өлген, сойылған, мүшеленген және
өлекселерінің заңсыз көмілген жерлері.

Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

СҚП-да және қауіп төндіретін аумақтарда:

- тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының рұқсатынсыз еріксіз түрде жануарларды союға;
- санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысыз және ЖАО ветеринариялық бөлімшелерінің келісімінсіз топырақ алуға және ауыстыруға байланысты агромелиоративтік, құрылыс және басқа да жұмыстарды жүргізуге жол берілмейді.



Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

Ең негізгі және тиімді шара - иммундау.

Сібір жарасына қарсы жоспарлы вакцинацияны медициналық ұйымдар халықтың мынадай контингентіне жүргізеді:

- 1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және ветеринария саласындағы мемлекеттік органдар ведомстволарының аумақтық органдары мен ұйымдарының, ЖАО ветеринариялық бөлімшелерінің, сондай-ақ күйдіргі қоздырғышының сынамаларын алуды, оның болуына зерттеу жүргізетін зертханалардың мамандары;
- 2) ет өнімдерін өңдейтін кәсіпорындардың, сою пункттерінің, сою алаңдарының және ішкі сауда объектілерінің жұмыскерлері;
- 3) СҚП аумағынан жануарларды союмен, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты жинау, сақтау, тасымалдау және бастапқы өңдеумен айналысатын адамдар.

Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

- **Сібір жарасымен ауыратын науқас немесе оған күдікті анықталған жағдайда ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан, медициналық ұйымдар шұғыл телефон арқылы және 3 сағат ішінде** халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне шұғыл хабарлама жібереді.
- **Диагнозды анықтаған немесе өзгерткен медициналық ұйым шұғыл телефон арқылы және 12 сағат ішінде** ауру анықталған жердегі халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне өзгертілген диагнозды, оны белгілеу күні мен бастапқы диагнозды көрсете отырып, жаңа шұғыл хабарлама жібереді.

Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

- Сібір жарасымен ауыратын науқас немесе оған күдікті анықталған кезде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері ветеринария саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне және ЖАО ветеринариялық бөлімшесіне хабарлайды.
- Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының мамандары ветеринария саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері мен ЖАО ветеринариялық бөлімшелерінің өкілдерімен **бірлесіп эпизоотологиялық - эпидемиологиялық тексеру** жүргізеді.

Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

□ Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының органдары мен ұйымдарының мамандары сібір жарасының эпидемиялық ошағында мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) науқас адамдарды анықтау және емдеуге жатқызу;
- 2) қорытынды дезинфекция жүргізу;
- 3) ошақты шоғырландыру және жою бойынша іс-шаралар жоспарын жасау.

□ Медициналық ұйымдар эпидемиялық ошақта үй-үйді аралауды, инфекция көзімен байланыста болған адамдарды бақылауды, шұғыл профилактиканы және санитариялық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.



Сібір жарасының алдын алу және эпидемияға қарсы атқарылатын шаралары

- Жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде күйдіргі бойынша қолайсыз жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат анықталған кезде объектіде «Ветеринария туралы» ҚР Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес карантин енгізіледі. Жануарлардан алынатын өнімдер және шикізат жойылады.
- Карантин өлім-жітім болған соңғы жағдай тіркелген және дезинфекция жүргізілген күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткен соң алынады.



Жамбыл облысында екі ауданда адамдар арасында «Сібір жарасы, терілік түрі» диагнозымен 2 науқас тіркелді



Жұқпа көзі – лажзыс, еріксіз сойылған 2 бас сиыр



Науқастардың клиникалық белгілері:

Науқас А., 2022 жылғы 10 қаңтарда өзінің ірі қара малын мәжбүрлі союға қатысты. 2022 жылғы 22 қаңтарда науқастың оң білегінде жара пайда болды. 2022 жылдың 24 қаңтарында науқас ОАА жұқпалы аурулар бөліміне жүгінді, әрі қарай ауруханаға «Рожистое воспаление» диагнозымен жатқызылды. Науқасқа 2022 жылдың 26 қаңтарында «Сібір жарасы, терілік формасы» нақтама қойылды. Жараның құрамынан ПТР зерттеу кезінде күйдіргіге оң нәтиже анықталды.



Жамбыл облысында екі ауданда адамдар арасында «Сібір жарасы, терілік түрі» диагнозымен 2 науқас тіркелді



Адамдар арасында сібір жарасының екінші жағдайы Жамбыл облысының Жуалы ауданында тіркелді. 2022 жылғы 23 ақпанда науқатың оң жақ білегінде жара пайда болды, медициналық көмекке жүгінбеді. 2022 жылдың 26 ақпанында 9 сағат 30 минутта Жуалы ауданының ОАА жұқпалы аурулар бөлімшесі ауыр халде түседі, науқас «Сібір жарасы, болжамды жағдай» диагнозымен жатқызылады. 2022 жылдың 26 ақпанында 16 сағат 05 минутта науқас күйдіргіден қайтыс болды. Жараның құрамынан ПТР зерттеу кезінде күйдіргіге оң нәтиже анықталды.

Эпидемиологиялық тексеру барысында науқас 2022 жылғы 18 ақпанда ірі қара малды союға қатысқандығы анықталды.

Жамбыл облысында екі ауданда адамдар арасында «Сібір жарасы, терілік түрі» диагнозымен 2 науқас тіркелді




Екі жағдайда да зертханалық зерттеуге еріксіз сойылған жануарлардың етінен, терісінен, құлағынан, жүнінен және ішкі мүшелерінен сынамалар алынбағанын атап өткен жөн. Бұл ауылшаруашылық жануарларының арасында сібір жарасын тіркеу фактілерінің жасырылуын дәлелдейді.



Bacillus anthracis infects mostly farm animals and is usually spread to humans through a break in the skin

Как может заразиться человек болезнью «сибирская язва»?

Для человека основной источник инфекции — больные сибирской язвой животные. Заражение кожной формой происходит через поврежденные кожные покровы, а также при укусах насекомыми (слепни, мухи-жигалки и др.).



Источник инфекции

Домашние животные (крупный рогатый скот, овцы, козы, верблюды, свиньи)



Заражение человека

- Контактным путем (при разделке туш животных, обработке шкур и т.п.)
- При употреблении в пищу продуктов, загрязненных спорами
- Через воду, почву, меховые изделия и т.д.

Сибирская язва - острая инфекционная болезнь, характеризующаяся преимущественно поражением наружных покровов в виде сибиреязвенного карбункула.



Инфекция передается при уходе за больными сельскохозяйственными животными и употреблении в пищу зараженных продуктов.



Как предотвратить заражение?

1. Соблюдайте правила личной гигиены при уходе за животными;
2. Люди, имеющие риск заражения должны получить прививки;
3. Не приобретайте животноводческую продукцию неизвестного происхождения.



СІБІР ЖАРАСЫ



Қазіргі медицинаның сипаттауы бойынша, сібір жарасы – жіті жұқпалы ауру. Аурушаңдықтың қоздырғышы - *Bacillus anthracis* – жоғары температурада қыздырғанда және қарапайым дезинфекциялау құралдарын пайдаланғанда жылдам жойылатын сібір жарасының бацилласы.

Аурудың клиникалық белгілері



Қоздырғыш енген теріде 2-3 күн өткен соң қызылтым немесе көкшіл түсті дақ пайда болады. Сол жер қышып, теріні сәл күйдіргендей болып басталып, үдей түседі. Бөртпе 12-24 сағат өткеннен кейін диаметрі 2-3 мм, ішінде ашық түсті сұйықтығы бар күлдіреген бөртпеге айналады, уақыт өте келе оның ішіндегі сұйықтық қою түске боялып, қан араласады. Бөртпе қышып шыдатпаған соң, ауруға шалдыққан адам оны қасып, бетін жаралап тастайды. Іріңді бөртпенің орнына беті ашылған өлі етті қабыршақ пайда болады. Дәл осы қабыршақ сібір жарасының

негізгі белгісі, дерттің атауы да осы қара даққа («anthrax»-«углевик») байланысты шыққан. Қабыршақ қатты, тығыз, күйдірілген сияқты болады. Оның айналасын қызыл түсті жиек қоршайды.

Алғашында қабыршақ көлемі үлкен емес, диаметрі 2-3 мм. құраса, бірте-бірте оның мөлшері ұлғайып, оның шығыңқы бөлігі тері деңгейінен төмен түсіп, түсі қап-қара болып, тығызданады (тығыздылығын иленген терімен салыстыруға болады).

Сібір жарасының белгілері: орталық қабыршақтың айналасына аурудың алғашқы күндері екінші қайтара сулы бөртпелердің шығуы. Тері жамылғысы өзгеруінің алғашқы сағаттарында дертке шалдыққан адам әлсіреп, селқос болып, басы ауырады; алғашқы тәулік өткен соң немесе 2-ші күні дене қызуы 39-40 градусқа көтеріліп, халі нашарлайды. Мұндай температура 5-6 күн бойы сақталып, аурудың жағдайы күрт төмендейді.

Назарларыңызға рақмет!!!